

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының № 10 сайлау округінің аумағында аудандық мәслихаттың депутатына үміткерлердің сайлаушылармен кездесулерін өткізу үшін үй-жайларды беру және үгіттік басылым материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қыркүйектегі N 309 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 қыркүйекте N 2936 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімі аппаратының 2015 жылғы 13 шілдедегі N 11.1.2-9/897 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімі аппаратының 13.07.2015 N 11.1.2-9/897 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28-бабы 4, 6-тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына 2-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мамлют аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірге (келісім бойынша) аудандық мәслихаттың депутатына барлық үміткерлер үшін № 10 сайлау округі аумағында үгіттік басылым материалдарын орналастыру орны болып, Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы (орталық бөлік) мекенжайы бойынша орналасқан "Сказка" дүкенінің ғимараты жанындағы тақта белгіленсін.

2. Аудандық мәслихаттың депутатына барлық үміткерлердің сайлаушылармен № 10 сайлау округі аумағында кездесулер өткізу үшін шартты негізде Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы (орталық бөлік), Ленина көшесі, 47, мекенжайы бойынша орналасқан мәдениет Үйінің акт залы ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің аппарат басшысы Қ.С. Сарбалиновқа жүктелсін.

4. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ":

*Мамлют аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының
төрағасы
11 қыркүйек 2014 жыл*

В. В. Целуйко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК